

Сыйлықақы туралы есеп

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

«Самұрық-Қазына» АҚ

Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі шешімімен, өзгелерден басқа, директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібі көзделген «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңесінің құрамдарын қалыптастыру жөніндегі қағидалар бекітілді. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері, Компания қызметінің ауқымы, ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер назарға алынады. Сыйақыны тәуелсіз директор төлейді. Ұйымдардың директорлар кеңесінің құрамындағы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне сыйақы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі негізінде белгіленеді.

Басқарма мүшелерінің сыйақысы

ҚМГ Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының Адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес ҚМГ Басқармасының мүшелері қызметінің тиімділігін бағалау тәртібі мен сыйақы саясатын айқындайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2019-2021 жылдар кезеңіндегі жиынтық сыйақысы

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Директорлар кеңесі мүшелеріне АҚШ долларымен төленген жиынтық сыйақысы	1 418 097	819 020	381 944
Директорлар кеңесі мүшелеріне теңгемен төленген жиынтық сыйақысы	18 559 956	15 799 427	18 200 000

Есепті кезеңдегі (жылдағы) жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Басқарма мүшелеріне өлшенетін, өзара байланысты, қисынды құрылған және теңдестірілген мотивациялық ҚТК карталарында көрсетілген стратегиялық және басым мақсаттарға қол жеткізуге ынталандыру мақсатында қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленеді.

Мотивациялық ҚТК картасы корпоративтік және функционалдық ҚТК-дан тұрады.

Сыйақының тиімді және анық жүйесін қалыптастыруға байланысты мәселелерді алдын ала қарау үшін, Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеті құрылды.

2021 жылдың қорытындылары бойынша, ҚМГ Басқармасының мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері 227 908 251,96 теңгені

құрады, бұл Басқарма мүшелеріне (басшы қызметкерлерге) еңбекақы төлеу қағидаларына және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит, Корпоративтік хатшы, комплаенс және Омбудсмен қызметтерінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларына сәйкес Басқарма мүшелеріне 2021 жылы Басқарманың құрамында болған кезеңде ҚМГ төлеген салықтар мен зейнетақы аударымдары ескерілген ақшалай нысандағы жалақылардың және көтермелеудің барлық түрлерінің жиынтық мөлшерін қамтиды.